



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2016 жылғы 23 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Иран Ислам Республикасының Орталық Банкі арасындағы екіжақты сауданы ұйымдастыруға жәрдемдесу жөнінде өзара түсіністік туралы меморандумға қол қою туралы

2016 жылғы 22 желтоқсанда Астана қаласында Иран Ислам Республикасының Президенті Х. Руханидің Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Иран Ислам Республикасының Орталық Банкі арасындағы екіжақты сауданы ұйымдастыруға жәрдемдесу жөнінде өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандум екі ел арасындағы өзара сауда есеп айырысуларын дамытудағы коммерциялық банк құралдарының және бастамалардың басым сипатын бекітеді.

Орталық банктер арасындағы одан әрі ынтымақтастық жасау көзделеді және Қазақстан мен Иранның коммерциялық банктері арасындағы кредиттік желілер тетігін ілгерілетуге, өзара корреспонденттік қатынастарды орнатуға және дамытуға қолдау көрсетілді.

Қосымша ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz